Зейнолла Қабдолов,
академик-жазушы

Мықшеге

«Гвозди б делать из этих людей:
Крепче б не было в мире гвоздей».
Николай Тихонов.

Қазақ университетінің филология, журналистика факультеттерінде қырқыншы, елуінші жылдарда оқыған адамдар – эстетикалық ілім жағынан өз қатарларының маңдай алдында оқ бойы озық тұратын мамандар. Неге десеңіз, олар – әдеби білім жағынан Әуезов мектебінен шыққан адамдар.

«Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз», –

деп Абай айтқандай, ғажайып ғұламаны көзбен көріп, оның алдынан дәріс алу – сенің оған ұқсай түсуіңе, оның әсерімен пісіп-жетілуіңе кепіл.

Дәл осы ұлы мектепте пісіп-жетілген менің талантты достарымның бірі – Темірбек Қожакеев.

Бұл бір қызық адам. Ол аз десеңіз, әдеттегі таптаурын жолмен түп-түзу келе жататын көптің бірі емес, көптен оқшаулау, өз беті өзінде, тек өз соқпағымен ғана жүретін біртоға, біртүрлі, бір қыңыр кісі. Көпке өзі көп бағына бермейді, көбіне көпті өзіне бағындырып жүргісі келеді.

Бірақ көптің аты көп, көптің ішінде де әр түрлі мінез бар; көп адам бір адамға оп-оңай бағына қоя ма, біреу болмаса біреу бұған қарсы келеді, ал мынау ондайды кешірмейді. Ымырасыз «Әр ауылдың бір Адырақбайы бар» дегендей, көп ішінде «жұдырықтың» адамдары да жоқ емес. Ондайлар, неге екені белгісіз, Темірбекті көрсе текекөзденіп кетеді. Мынау да «жә» деп коя салмайды, ажырая қарап, әлгіні көзімен атады, сөзімен сұлатады. Жанжал осы арада: Пайғамбардың батыр күйеу баласы туралы байырғылар «Әли жүрген жақтан айғай шығады» дейді екен, сол секілді Темірбектің маңы әрқашан айтыс-тартысқа толы, дүрліге дүрілдеп тұрады.

Осыған байланысты мынадай салыстырма жасауға болар еді: жапан даладағы жалғыз үйде тып-тыныш бұйыға ұйықтаған қойшы оқыс шыққан дүрілге селк етіп оянса, қалаға жылу беретін алып қазан қайнатқан кочегар зіркілдеген дүріл тоқтаса шошып оянды. Бұл ретте, Темірбек қойшы емес, кочегар секілді, толассыз дүріл, тынымсыз дүбір арасында...

Мен Темірбектің осы мінезінің түп-төркінін тауып-танығым келіп, көп ойландым. Ақыры таптым.

Задында, Темірбек бала күнінен қатал тәртіпке тәрбиеленген. Тәртіп бар жерде еңбек бар. Темірбек адам атаулыны шын мәніндегі Адам ететін, ақ, адал еңбекке тәрбиеленген. Оның қол кусыратын кезі сирек шығар, әрқашан еңбек, еңбек, тек кана еңбек: іс-әрекет, қимыл-қарекет! Ол Абай сөзін құран сөзіндей көрген:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап».

Осыны өз өмірінің заңына айналдырған адам – күшті адам, мықты адам. Темірбек те сондай.

Өзі мықты болғасын қайтсын, ол олқылыққа төзбейді, еңбексіз құр ербеңдеп жүргендерді де, едіреңдеп жүргендерді де кешірмейді. Жалқаулыққа жаны қас. Өзінде енжарлық, бейтараптық атымен жоқ. Еш нәрседен қалыс қала алмайды. Абайдың «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» дегенін және жаттап алған. Сонымен, қай жерде жүрсе де Темірбек өз ортасын түзеуге жұмыстанумен жүреді. Ерінбейді. Әрқашан сергек. Әрқашан кемшілікпен күрес, тапшылықпен тартыс. «Ұра берсең Құдай да өледі" дегенді кім шығарды екен, құрсын, мұны қоя тұралық: біздер бүгінде Кеңес кезіндегі құдайсыздар одағының мүшесі емеспіз. Одан да «Ұра берсе, киіз қазық жерге кіреді» дегенді-ақ алайық. Дәл осы секілді, Темірбек өз айналасынан өзі аңғарған ақаулар мен алғауларды – екіжүзділікті, арамзалықты, алаяқтықты жалықпастан ұрады да отырады, ұрады да отырады. Ақыры біршама түзеп шығады. Өз ортасына, негізінен таза моральдық-психологиялық атмосфера орнатады.

Қысқасы, Темірбек деген бір мықшеге. Тихоновтың да «Шеге туралы балладасында» айтатыны осы ғой. Шынында да өзеннен жағаға шығып қалған көне қайық секілді, дүниенің қиюы қашқан, қаусаған, қақыраған жерін қағып-қағып жіберіп, қалпына келтіру үшін осындай адамдардан шеге жасар ма еді?!

Темірбек – Мықшеге!

Мықшегені мықтылыққа әкеліп жүрген тағы бір фактор – Темірбек жазғыш. Жорға қаламын қатты қысып ұстап тұрған қажырлы әрі қайсар қаламгер. Оның сол кешегі шәкірт кезінен бүгінгі ұстаз шағына дейінгі бас кәсібі – шақпа тілді сатира, мыңшұқыр мысқыл, уытты күлкі, улы сықақ, ащы әжуа болуы тегін емес. Темірбек Қожакеев – бүгінде сатириктердің әрі сардары, әрі ұстазы.

Ұстаз болганда кандай! Санаулы сатириктерге ғана емес, соңғы қырық жылда университет бітіріп, қолына қалам алған қазақ журналистерініц бәріне ұстаз. Ол алты мыңдай баспасөз мамандарын даярлауға білек сыбанып, белсене араласқан.

Ұстаздық ету өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау екенін терең түсінген профессор Қожакеевтің үздіксіз әрі тынымсыз да мігірсіз тәлім-тәрбиесін көрген сан алуан кабілетті жастар мен жасамыстар, бүгінде егемен еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарына басшылык етіп, бүкіл идеологиялық жұмысты қозғалысқа келтіріп отыр.

Ұстаз Темірбек – көрнекті ғалым; оқытушылық қызметтен қол үзбей жүріп, 1961 жылы кандидаттық, 1970 жылы докторлық диссертация қорғаған, өз зерттеулерін бірнеше салада жүргізіп танылған оқымысты. Ең алдымен, ол – қазақ сатира, юморының тарихын, сыр-сипатын алғаш арнайы зерттеуші. Бұл салада «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатира және дәуір», «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы» секілді іргелі де күрделі монографиялар беріп, қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық сатира, юмордың сырлары, жанрлары жөнінде ұғым, білім, ілімді тұңғыш рет негіздеген ғалым.

Сонымен бірге, Т.Қожакеев – қазақ баспасөзінің зерттеушісі. Бұл саладағы зерттеулерін ол негізінен үш бағытта жүргізді. Олар: газет, журналдар тарихы; ірі журналистердің шығармашылық мұрасы; баспасөз жанрларының теориясы мен тәжірибесі. Бұл салада ғалым «Қазақ баспасөзінің тарихынан», «Газет жанрлары» атты монографиялар жазуға қатысып, «Қазіргі қазақ баспасөзінің тарихынан», «Жыл құстары», «Жас тілшілер серігі» сияқты жеке өз еңбектерін жариялады. Әсіресе, 1937-1938 жылдардағы репрессияға ұшыраған және Ұлы Отан соғысында қаза тапқан қоғам, қалам қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын зерттеудегі, ғылыми айналымға ендірудегі еңбегі ерекше. Ол әлгі аталған «Жыл құстары», сол сияқты «Көк сеңгірлер», «Сара сөздің сардарлары» монографияларында бүгінгі ұрпақты сол зұлмат жылдарында жазықсыз құрбан болған қырыққа тарта қаламгер-қайраткерлердің шығармашылық өмір жолымен, қалдырған мұрасымен таныстырды.

Ғалым – ұстаз Т.Қожакеев – әрі әдебиетші, әрі сыншы. Қазақ әдебиетінің тарихы, зерттелу жайы, дәуірленуі, басқа да проблемалары жөнінде, жеке әдебиетші, ақын-жазушылардың еңбектері, кітап, жинақтары туралы көптеген мақала, зерттеулер жазып жариялаған.

Темірбек Қожакеев білікті ғалым ретінде халықаралық, аймақтық, республикалық ғылыми конференцияларға қатысып, әдебиет, баспасөз проблемалары жөнінде жиырмаға тарта баяндама жасаған. «Қазақ жастары» баспасөзінің тарихынан», «Қазіргі қазақ сатирасының даму жолдары», «Қазақ баспасөзіндегі түрік тақырыбы», «Н.Төреқұлов –

журналист», «С.Қожановтың шығармашылық мұрасы» тәрізді толғаныстары мен талдаулары тың әрі қызық деректерге толы.

Әдебиетші-ғалым көркем шығарма жазумен де айналысады: «Кәрібай мен Татьяна», «Қалыңдық қасіреті», «Бұлбұл үнінің үзілуі» секілді әңгімелері орталық газет-журналдарда жарық көріп, әр түрлі жинақтарға енгізілді.

Темірбек Қожакеев – белгілі журналист. Оның алғашқы хабарлары 1942 жылы аудандық газетте жарық көрген. Содан бері республика баспасөзінде сан алуан тақырыпқа жазылған жүздеген мақала, корреспонденция, суреттеме, очерк, хабарлары жарияланды.

Журналист Т. Қожакеев – фельетонист, сатирик. Ол сонау 40-50 жылдары Меркі аудандық газетінде «Аяңшыл жеңгейлер», «Бір колхоз болмаса да, бір бригаданың бухгалтерімін», «Ептілікке сиынба, қыр кетуі қиын ба?», «Жас қызды алдап-арбап азапқа салды» фельетондарымен, «Судан тұнық, сүттен ақ кете бере ме?», «Монша деумен бес жыл өтті» деген сықақтарымен көрінген. Содан бері жүзге тарта фельетон жариялап, әр түрлі кесел мен келеңсіздікке қарсы күреске бел шеше, белсене араласып келеді. «Қисанның хикаясы», «Жандаралиннің келуі мен кетуі», «Бозбала шал», «Ақ кебіндінің сыры», «Қу дүние-ай» фельетондары мен сықақ әңгімелері идеялық-көркемдік жағынан құнды дүниелер. Өйткені бұлар ойлылығымен, шұрайлы тілімен ерекшеленеді.

Ұзын сөздің қысқасы, әдебиетші ғалым – отыз шақты кітаптың, газет, журнал, жинақтарда жарияланған әр түрлі жанрдағы жүздеген публицистикалық және беллетристикалық шығармалардың авторы. Ол – Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі.

Айрықша атап өтетін бір нәрсе – Темірбек Қожакеев соңғы жылдары Қазақстан сықақшыларының "Найзагер" атты қауымдастығының президенті ретінде жас сықақшыларды тәрбиелеуге, олардың шығармашылық жағынан өсуіне қоғамдық негізде басшылық етіп келді. Ол көп жылдар бойы журналистика факультетінің деканы болып істеді. Университет, факультет кеңестеріне төрағалық ететін, филология ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөніндегі мамандандырылған кеңестің мүшесі болды.

– Білеміз, білгесін қалай айтпай отырамыз? – дейді екен Марғұлан ағамыз. Мен Темірбекті ондаған жыл университет қабырғасында ұстаздық ете жүріп, сол секілді, соңғы жылдарда осынау Докторлық кеңестің аса қиын жұмысын қоян-қолтық, қатар атқара келе бұрынғыдан да бетер таныған үстіне танып, білген үстіне біле түстім.

Мені, әсіресе, Қожакеев-декан көп қызықтырды. Бұл қызметте Темірбек өзінің үлкен ұйымдастырушы екенін танытты. Әдеттегі қатал тәртіптің, биік талаптың адамы журналистика факультетінің ұжымын 16

жыл бойы уысында ұстап отырды. Өз әріптестерінің ішіндегі оралымсыздар састы, қабілетсіздер қашты, табансыздар да тайып-тайып кетті. Деканның қаңтардай қақаған қатты мінезін нағыз ұстаздар, жоғарыда айтқанымыздай, оқу-тәрбие жұмысында «өз уақытын аямағандар, өзгенің бақытын аялағандар» ғана түсініп, шыдап, өз тәжірибелерін жетілдіре берді. Нәтижесінде, аудиторияға шын мәніндегі оқымысты-лекторлар кіретін болды. Олар шәкірттер ұжымын тұтатып қана қоймай, жандыратын, жалындататын жағдайға көшті, деңгейге жетті.

Ал деканның өз жұмысы бастан асып жатса да аудиторияны ешқашан тастаған емес. Лекция оқымайтын немесе оқи алмайтын "оқытушыларға" қарама-қарсы, Темірбек мінбеде сайрап, жайнап тұрып юмор мен сатирадан, журналистика тарихынан мазмұнды, тартымды, ұлағаты мол лекция оқиды. Оның лекциясынан бірде-бір студент қалмайды. Аталған тақырыпта терең білім, үлкен өнеге алды. Сол шәкірттердің көбі қазір шетінен қаламгер, қайраткер, санаткер...

– Қайда және қалай өскен адамсыздар? − деп сұрасаң, бәрі бірауыздан шу етіп:

– Қожакеевтің қолтоқпағының астында өсіп-жетілген журналистерміз, − деседі. Ұстазға деген үлкен ықылас-ілтипатпен, оның өзінен үйренген шымыр, шуақ юормен айтады. Мұнымен де қоймайды, бірқатары ұстаз талғамы мен талабын сарапқа салады:

– Темір ағадан алған «үшімізді» басқалардың «бесіне» бермейтін едік. Мұнда көп мағына жатыр.

Оған тоқталып уақыт оздырмай, Дос туралы осынау аз жазбамды аяқтап, қаламымды салдым да, биыл жетпіске шығатын әрі Ұстаз, әрі ғалым, әрі қаламгер Қожакеев Темірбекті туған күнімен құттықтамақ боп жоғарыдағы өз кафедрамнан төмен түсіп, оның кафедрасына келсем, орнында жоқ. Лаборант:

– Профессор лекция оқып жатыр! - деді.

– Қайда? − дедім.

– Амандосов аудиториясында.

Ақырын барып, әйнекті есіктен ішке қарай көз қиығын тастап едім, Темірбек мінбеде тұр екен. Жоқ, тұрған емес, кең иықты, шалқақ кеуделі, жалпақ жауырынды сом, төрттаған, шомбал денесін мінбеге құйып тастағандай екен. Егер ол жиі қозғалақтап, қолын дауыс ырғағымен сермеп-сермеп, отты көзін жарқ-жұрқ еткізіп көсіле сөйлеп тұрмағанда, қарағай мінбеге әлдебір асыл металдан құйып әкеп шегелеп тастаған мығым мүсін бе деп қалар едің.

– Пай, Темірім-ай, Мықшегем-ай! − дедім ішімнен сүйсініп кетіп...

«Көзқарас»,«Рауан» баспасы, 1996.